

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ МАМАНДАРҒА ҚАЖЕТТІЛІГІН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ

М. Х. ШАЛАБАЕВА*

А. Б. АҚЛАНОВА**

Р. Б. БИПАНОВ***

Түйіндеме: Қазіргі кезең – барлық саланың жаңару, жаңғыру кезеңі. Күнбе-күнгі жаңалықтар немесе маңызды енгізілімдер қоғам өмірінің құрамдас бөлігі болып отыр. Ашық ақпараттық кеңістік қоғам қажеттілігіне сай сұранысты өтеуге кең мүмкіндік береді. Осы ретте білім беру мен тәрбие саласында да маңызды өзгерістерін уақыт талабы алға тартты. Қоғамдық еңбектің басқа Ржаңалықтардың нәтижелі жүзеге асырылуы білім беру саласындағы өзгерістермен тікелей байланысты. Білім берудің қоғамдық қызмет ретінде қоғамдық өзгерістерден қалыс қалмауы және оның дамуы мен өзгеруіне әсерін тигізуі – басы ашық мәселе.

Білім берудегі трендтер – бұл білім берудің өзгеру процесі. Соңғы жылдар бойында білім беру жүйесінде педагогикалық инновацияларды және компьютерлік әдістемені оқыту оқудың нәтижелері мен оның сапасын жақсарту мақсатында белсенді түрде енгізіліп келеді.

Заманауи білім жүйесінің талабы қоғамды тек керекті біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамдық құндылықтарды нығайту, ұлғайту, гуманизм мен азаматтықтың жағдайларын кеңейту өзекті мәселе етіп қойылуда. Бұл процесс үздіксіз жүреді, адамның әлеуметтену іске асырудың барлық кезеңінде жүзеге асырылады.

Кілттік Сөздер: *Бәсекелесуге Қабілетті Тұлға, Білім Кеңістігі, Әлеуметтік Серіктестік, Дуалдық Оқыту Жүйесі, Техникалық Және Кәсіптік Білім Беру Ұйымдары, Білім Алушылар, Заманауи, Білім Беру Жүйесі, Педагогикалық Технология, Жаңа Трендтер, Инновация, Оқу-Тәрбие Процесі*

Technical and Vocational Education to Satisfy the Labor Market's Need For Highly Qualified Specialists

Abstract: The present period is a period of renewal and modernisation of all industries. Daily news or important news is an integral part of society. The open information space provides ample opportunities to fulfil the demand according to the needs of the society. At the same time, time has brought important changes in the field of education and upbringing. Effective implementation of social work and other innovations is directly related to changes in education. Education as a social service should not be left aside from social changes and influencing its development and change is an open question.

Trends in education are processes of educational change. Pedagogical innovations and teaching computer methodology have been actively introduced into the education system in recent years to improve the results and quality of education.

The requirement of the modern education system is not only to provide society with the necessary knowledge, but also to strengthen and multiply social values, expand the conditions of humanism and citizenship. This process is continuous, human socialisation is carried out at all stages of implementation.

Key Words: *Competitive Personality, Educational Space, Social Partnership, Dual Education System, Technical and Vocational Education Organisations, Students, Modern Education System, Pedagogical Technologies, New Trends, Innovations, Educational Process*

Кіріспе

Жаңашылдық – ғылыми идеялардың тууынан оның практикалық қолданысқа енуіне дейінгі барлық кезеңдерді қамтитын және әлеуметтік – педагогикалық ортадағы осыған сәйкес өзгерістерді жүзеге асыратын процесі.

Педагогикалық жаңалықтардың мазмұны педагогикалық қызметті толығымен немесе оның жеке құрамдас бөліктерін (білім берудің, тәрбиелеудің, басқарудың және ұйымдастырудың мазмұны мен барысын) қамтуы мүмкін деген ойды дамытады. Енгізілген өзгерістердің сипаттары бойынша педагогикалық жаңалықтарды төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. оқу-тәрбие процесіне түбегелі өзгерістер әкелетін жаңалықтар;
2. оқу- тәрбие процесінің бір бөлігін ғана өзгеріс әкелетін жаңалықтар;

* PhD,

** PhD докторанты,

*** Т.Ф.М.,

3. педагогикалық жаңалықтарды, жалпы алғанда олардың бірегейлігі және күтпеген жерден пайда болуы тұрғысынан сипаттауға болады [3].

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім орындарының басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығымен келеді. Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу процесін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді. Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын оқытушы қалыптастыруға бағытталады [9].

Оқытудың технологиясын жетілдірудің педагогикалық бағыты негізгі ойтұжырымдары бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу, білім алушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру. Принциптері – оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамытын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру.

Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру оқытушының зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Қоғам мүшелерінің білім деңгейін арттыру ісінің қоғамға жан-жақты әсерін тигізетіні белгілі. Тәрбие және білім беру саласындағы өзгерістер тұтас алғанда қоғамда қайта құрудың құралы болып отыр. Сондықтан да білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі жаңалықтар тек педагогикалық қана емес, сонымен қатар қоғамдық маңызға ие. Осы фактілерді зерттеу, оларды кешенді түрде талдау соңғы жылдарда «педагогикалық инновация» деп аталып жүрген жаңа ғылыми пәннің туындауына алып келді. Бірақ қазіргі заманғы бастапқы білім беретін білім ордаларында инновациялық процестердің мазмұндық құрлымын сөз етпестен бұрын, бұл процестерді талдаудағы ғалымдар мен педагогтардың көзқарастарына тоқтала кеткен дұрыс болар еді (Жұмахметова З. Ж. және Ералиева Т. Е.).

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды» құру біздің алдымызға үлкен мақсаттар қойып отыр. Ол – жеке тұлғаның және қоғамның қа- жеттіліктерін қанағаттандыру үшін бәсекеле- стікке қабілетті білім беру жүйесін қалыпта- стыру болып табылады. Осындай мақсаттарға жету үшін жаңа Заң қабылданды. Бұл Занды қабылдау заман талабы. Білім беру – білімнің қайнар көзі ретінде аса маңызды қоғамды да- мытудың көзі (Турдалиева, 2015).

Әр ұстаз ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болуы үшін – ізденімпаз ғалым, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білім- паз, кез-келген ортаның ұйытқысы болуы керек. Қазіргі білім берудің басты мақсаты жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады (Турдалиева, 2015).

Қазіргі мұғалім жаңа технологияны мең- герген, жан-жақты білімді, педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педа- гогикалық өзгерістерге тез үйренетін,

жаңа- ша ойлау жүйесін меңгере алатын, оқушымен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер, шебер болуы керек болса, қазіргі оқушы дүниетанымы, қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білетін тұлға болуы тиіс (Турдалиева, 2015).

Адам баласына шын мәнінде білімді болуы үшін үш қасиет қажет. Олар: жан-жақты білім, ойлауға дағдыланғандығы және сезім дарқандығы. Әрбір оқушының өн бойына осы қасиеттерді сіңіріп, жаңашыл үрдіспен еңбек ететін болсақ, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда өз шешімін табады. Ұлтты жаңа интеллектуалды белеске көтеру туралы Елбасы қабылдаған үндеуге сәйкес жүргізіліп жатқан білім беру жүйесіндегі деңгей биік болуы үшін мұғалім әрбір сабағын өзіндік ойы, шиеленісуі мен шешімі бар өнер шығармасындай ойластырып, дайындауы қажет. Қарапайымдылықтан күрделілікке ұмтылатын болсақ, онда жеке тұлғаның талпынысын оятып, ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс (Турдалиева, 2015).

Соңғы жылдары мамандарды дайындаудың мамандандырылған жүйесін жасауда ғылыми-техникалық дамудың деңгейін есепке ала отырып, білім беру саласына қойылатын жоғары халықаралық талаптарды да қанағаттандыру мақсатында кәсіптік-техникалық білім беру саласына жаңа жүйе — дуалды оқыту әдісі енгізіліп, осыған байланысты қазіргі қоғамға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде, дуалды оқыту жүйесін ендіру осы салада біліктілігі мен мамандығы бар мамандарға деген сұранысты арттырады деген болжам жасалуда (Zholdasbekova and others).

Оқытудың дуалды жүйесінде кәсіптік білім беру – өнеркәсіп өміріне дайындық жүргізу үшін білім алушының теориялық және практикалық дағдысын қалыптастыру мақсатында жүргізілетін негізгі оқыту жүйесі болып табылады (Zholdasbekova and others).

Дуалды жүйенің негізі – білім алушыларды оқу орны мен өндірісте қатар оқыту. Яғни білім алушыны жан-жақты дайындау. Дуалды оқыту жүйесі қазіргі дүниежүзілік тәжірибеде бар дүние. Дуалды оқыту әдісі әлемнің көптеген ірі дамыған мемлекеттерінде, мысалы Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция, Англия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерінде табысты жүргізіліп келеді. Оның жарқын мысалдарының бірі – Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Мұнда білім алушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды (Zholdasbekova and others).

Дуалды жүйемен оқытудың ұтар тұстары көп (Исаева).

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы бәсекелестікке қабілетті білім беру жүйесі бұл - дуалды оқыту. Аталған дуалды оқыту колледждердің қатарына Халықаралық инженерлік технологиялық университетінің Колледжін, атауға болады.

Колледж бүгінгі таңда 66 астам меемелермен оқу өндірістік база ұйымдастырылған. Оқу үрдісінің кестесі бойынша 2,3,4 курс білім алушылары 2-3 апта теориялық білім алса, алған білімдерін тәжірибеде шыңдау үшін 1 апта тәжірибеге жіберіледі. Бұл оқу үрдісі оң нәтижесін беруде десек, артық айтқандық емес.

Дуалдық оқыту жүйесінің элементтерін кәсіптік білім беруде ешқандай кедергілерге қарамай қолданылуы, тиімді жақтары көп екендігін дәлелдей түспек. Білім алушылар өндірістік оқытуда жүріп жалақы алып жүретінін мақтанышпен атап өткіміз келеді. Алдағы уақытта Халықаралық инженерлік технологиялық университетінің Колледжі дуалдық оқыту жүйесін қолдануда биік белестер мен асуларды бағындыратынына сеніммен қарауға болады.

XXI ғасырда айналадағы әлеммен дұрыс қарым-қатынас жасаған әрбір

азматтарды тәрбиелеу үшін өткен тәжірбиені, жаңашыл үрдістерді тиімді кіріктіре қолдануымыз қа- жет. Бұл жағдай жаңалыққа жақын болуды, жүрекпен ойлауды, көзқарастар мен дүниетанымды өзгертуді, өзінді танып, өзінің ішкі мүмкіндіктеріңді іске қосудың тетіктерін білуді алдыңғы қатарға шығарады.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру еңбек нарығының жоғары білікті мамандарға қажеттілігін қанағаттандыру, білікті жұмысшы мамандарды бірлесе даярлауға жұмыс

берушілерді жұмылдыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылуда. Әлеуметтік серіктестік аясында білікті жас мамандарды даярлау үшін ірі өндірістік мекемелермен келісім-шартқа отырады. Жыл сайын келісім-шарт негізінде колледж студенттері оқу-өндірістік, диплом алды тәжірибеден өтіп, арнайы пән оқытушылары мен оқу-өндіріс шеберлері машықтанудан өтеді. Колледж студенттері тәжірибелі мамандардың бақылауына алынып, болашақ маман ретінде сапалы өндірістік тәжірибеден өтуге мүмкіндік алады.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жұмыс оқу жоспары әлеуметтік серіктестіктермен келісе отырып мамандық стандарты мен арнайы пәндердің типтік оқу бағдарламаларындағы кәсіби маман даярлау мазмұны өндіріс стандартымен сәйкестендірілді. Өндіріс стандартымен сәйкестендірілген жұмыс оқу бағдарламаларының негізінде дуалды білім беруді іске асыру үшін әлеуметтік серіктестермен колледждің арнайы пән оқытушыларынан құрылған шығармашылық топ дидактикалық, оқу-әдістемелік кешен дайындады.

Колледжде өндірістік оқу жүйелі түрде оқу-өндіріс шеберлерімен өткізіледі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ең бастысы, колледж студенттері нақты жұмыс дағдыларына төселіп, ұжымда жұмыс жасауға икемделіп, әлеуметтік құзіреттілігінің қалыптасуына, өзі оқыған мамандығының қырсырына нақты жұмыс үрдісі үстінде тануына, психологиялық және кәсіби бейімделуге мүмкіндік алуда. заман жетістіктері негізінде жас ұрпаққа сапалы білім беруді мақсат ете отырып, жаңа қоғамға лайықты өмірден өз орнын табатын, бәсекеге қабілетті талапты ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты ерекшелігі, сол талап тұрғысынан шығу жолы – сапалы да нәтижелі білім беру. Сондықтан ұлы ақын, ағартушы, данышпан Абай атамыз айтқандай: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деген ой иірімін ұранымызға айналдырып, білім жолында еш аянып қалмау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Аханов, Кәкен (1973). *Тіл Білімінің Негіздері*, Алматы.
- Турдалиева, А.С. (2015). Әлеуметтік Серіктестікті Дамыту – Бәсекеге Қабілетті Тұлғаны Қалыптастыру Шарты. Вестник «Өрлеу»-kst.
- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы, А., 14.12.2012.
- Сухомлинский В.А. О воспитании. М.: Педагогика, 1979.
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұй- ымдарында дуалды оқыту жүйесін енгізу. Әдістемелік ұсынымдар. –Қостанай, 2013.
- Алшынбаева Ж.Е. Дуалды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау: док. филос. PhD дис. – Шымкент, 2018. – 137 б.
- Zholdasbekova S.A., Nurzhanbaeva J.O. and others Didactic Conditions of Improvement of Pedagogical Personnel Training at Higher Education Institutions to Dual Education in the System of VET.Scopus, International journal of Environmental & Science Education. (Netherlands) ISSN:1306-3065. 2017. 11(18): 12345-12359 IF=0.326.

- Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследований. М.: Педагогика, 1982.
- Юсуфбекова Н.Р. Педагогическая инноватика как направления методологических исследований. // Педагогическая теория идеи и проблемы: сб. науч. тр. (Отв. ред. В.С. Шубинский. –М.: ИТПИМНО), 1992.-С.20-26.
- Рысбаева А.Қ. Педагогикалық процесс субъектілерінің табысты іс-әрекетіне интерактивті оқытудың ықпалы. - Алматы, 2008, 80б.
- Абуов А.Е. Мектептің оқу-тәрбие үрдісінде білім беруді, инновациялық технологиясын пайдаланудың педагогикалық шарттары. Пед.ғ.к. дисс ... - Шымкент. 2005. - 151 б.
- Красильникова В.А. Компьютерлік технологияны оқыту концепциясы. – Орынбор: ОГУ, 2008. – 42с.
- Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике обучение на основе исследование, игр, дискуссий. Рига НПЦ “Эксперимент”, 1995. 175с.
- Санай Г.Е. Педагогические условия формирования готовности учителя к реализации инновационных технологий обучения. Дисс.к.п.н. Тараз, 2005. - 48 с.
- Өстеміров К., Исаева Г.Б. Методика использования технических средств обучения на базе новых информационных технологий: оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2009. - С130- 160.
- Хомерики О.Г. Инновации в практике обучения //Педагогика. 1993.№2.
- Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. Пед.ғ.к., дисс ... Алматы, 2004.-132 б.
- Zholdasbekova S., and others. (2017). The level indicators of the professional readiness of future teachers to dual training Man In India, Volume 97, Issue 21, p. 705-714.
- Сманова, А.А. Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі): док. филос. PhD. ... дис. – Алматы, 2002. – 195 с.
- Жолдасбекова С.А. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды дуальді оқытуға даярлау үдерісін жетілдірудің ғылыми әдіснамалық негіздері: ғылыми жоба. – Шымкент, 2015-2017. - 45 б.
- Исаева Г.К. Мемлекет-жеке меншік әріптестігінің нысаны ретіндегі жоғары білім берудің дуалдық оқыту жүйесінде кәсіпкерлерді ынталандыру тетіктерін әзірлеу: ғылыми жоба. – Шымкент, 2015-2017. - 27 б.

